

Даму мүмкіндігі шектеулі балалар үшін мемлекеттік қызмет көрсету

Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды тексеру және оларға психологиялық - медициналық - педагогикалық консультациялық көмек көрсету

Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға консультациялық көмек көрсету

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелерін беру көрсетілетін **қызметті берушінің кеңсесі арқылы** жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға **тегін** көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: **қағаз түрінде.**

Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау



Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау



Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу

Көрсетілетін қызметті алушы

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап 15 минут ішінде оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына бұрыштама қоюға жолдайды

Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 40 минут ішінде бұрыштама қояды, психологиялық - медициналық - педагогикалық комиссия құрамын белгілейді, көрсетілетін қызметті алушымен келісімшарт жасайды және құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына (ларға) жолдайды

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері 15 минут ішінде мемлекеттік қызмет көрсетудің дайын нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға береді

Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 5 минут ішінде қорытындыға немесе бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қояды және кеңсеге жібереді

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы (лары) бағдарлама дайындайды, дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеуді жүргізеді және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінде қорытындыны немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты күнтізбелік 90 күннен бастап 180 күн ішінде дайындайды, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға жолдайды

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға консультациялық көмек көрсету

